

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша
қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: **«ӘСЕР» қоғамдық бірлестігі**
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): **Жакаева Гульнара Базарбайқызы**
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: **Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32-В шағын ауданы, 2 үй, 240 пәтер, +7 702 301 8717**
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **«Әке – отбасының тірегі» әлеуметтік жобасы»**
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: мамыр-қараша 2024 жыл
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: **10 291 220 (он миллион екі жүз тоқсан бір мың екі жүз жиырма) теңге**

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.

1-міндет. Аймақта барлық елді-мекенде (5 аудан және 2 қала) бала мен әке арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған әлеуметтік жалпыхалықтық кемінде 20 науқан ұйымдастыру

1-іс-шара. «Әке тәрбиесі – отбасының алтын діңгегі» тақырыбында республикада танымал белсенді әкелердің қатысуымен барлық елді-мекенде (5 аудан және 2 қала) 19 мотивациялық кездесу ұйымдастыру

2024 жылдың шілде-қазан айларында республикада танымал белсенді әкелердің қатысуымен Маңғыстау облысының 5 ауданы мен 2 қаласында 19 мотивациялық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шаралар жастарды тәрбиелеуде әкенің рөлі мен маңыздылығын насихаттауға бағытталды. Іс-шараларға **532 адам** қатысты, олардың арасында әкелер, оқушылар, студенттер мен педагогтар болды. Кездесулер барысында қатысушыларға әке тәрбиесінің отбасы құндылықтарын нығайтудағы рөлі туралы түсіндірілді, нақты мысалдар мен тәжірибелер айтылды.

Кездесулердің тізімі:

1. 23.07.2024 ж., 11:00 – Жаңаөзен қаласы: 25 қатысушы.
2. 08.08.2024 ж., 11:00 – Мұнайлы ауданы: 18 қатысушы.
3. 13.08.2024 ж., 11:00 – Қарақия ауданы: 17 қатысушы.
4. 15.08.2024 ж., 11:00 – Мұнайлы ауданы, Батыр ауылы: 19 қатысушы.
5. 09.09.2024 ж., 10:30 – «Болашақ» колледжі: 38 қатысушы.
6. 11.09.2024 ж., 11:00 – Бейнеу ауылы, Бейнеу ауданының әкелері: 35 қатысушы.
7. 11.09.2024 ж., 12:00 – Бейнеу политехникалық колледжі: 12 қатысушы.
8. 11.09.2024 ж., 14:00 – Бейнеу гуманитарлық колледжі: 34 қатысушы.
9. 11.09.2024 ж., 16:00 – Ы.Алтынсарин орта мектебі: 29 қатысушы.
10. 12.09.2024 ж., 16:00 – А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп: 20 қатысушы.
11. 13.09.2024 ж., 09:30 – Шетпе «Лицейі», Шетпе ауылы: 19 қатысушы.
12. 13.09.2024 ж., 11:00 – Б.Жубаев атындағы орта мектебі: 28 қатысушы.
13. 13.09.2024 ж., 16:00 – Маңғыстау техникалық колледжі: 36 қатысушы.
14. 13.09.2024 ж., 16:00 – Б.Жұмалиев атындағы орта мектебі: 38 қатысушы.
15. 20.09.2024 ж., 11:00 – №18 орта мектеп, Жаңаөзен қаласы: 38 қатысушы.
16. 20.09.2024 ж., 15:00 – №14 орта мектеп, Жаңаөзен қаласы: 38 қатысушы.
17. 02.10.2024 ж., 11:00 – Құрық кәсіптік колледжі: 38 қатысушы.
18. 02.10.2024 ж., 15:00 – №8 орта мектеп: 21 қатысушы.
19. 04.10.2024 ж., 15:00 – Ж.Мыңбаев атындағы орта мектеп: 27 қатысушы.

Кездесулер өңірдегі жастар мен әкелер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған маңызды қадам болды. Бұл іс-шаралар әкелердің қоғамдағы рөлін көрсетіп, жастардың тәрбиесіне қатысты тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

2-іс-шара. Отбасы күніне орай кемінде 20 отбасының қатысуымен «Әке – отбасының тірегі» атты отбасылық байқау ұйымдастыру

2024 жылдың 20 қазанында Ақтау қадласы «ХАН-ШАХАР» банкет залында Отбасы күніне орай Маңғыстау облысының 5 ауданы мен 2 қаласынан 20 отбасының қатысуымен «Әке – отбасының тірегі» атты отбасылық байқау ұйымдастырылды. Іс-шаралар отбасылық құндылықтарды насихаттау, әке рөлін нығайту және отбасыларды біріктіруге бағытталды.

Байқау 4 кезеңнен тұрды:

I кезең «Таныстыру» (әр отбасы өздерін таныстырады. Өз қалаулары бойынша өлеңмен немесе видеороликпен, өлеңмен т.б барлық отбасы мүшесі қатысуға болады 1-2 минут).

II кезең «Әке аманаты» отбасындығы әкенің аманаты деген ұғымды қалай түсінеміз? Әке баласына нені аманаттайды? Осы сауалдарға жауап беру керек әр отағасы. (мақсаты: әр әке сахнада тұрып өз ойын еркін жеткізуі тиіс 5 мин.)

III кезең «Өнерліге өріс кең». Бұл бөлімде қатысушы отбасындағы әкелер өз өнерін ортаға салуы керек. (мысалы ән айту, күй тарту, би билеу, т.б.)

IV кезең «Менің әкем» әр отбасындағы бір бала өзінің әкесі туралы ой толғауын ортаға салу керек. Тамаша етіп ішкі ойын жеткізгені дұрыс. (Әкесі туралы ойын жеткізіп айту. Тез X форматта айтуы керек. 5 минут.)

Жеңімпаз отбасыларға ақшалай сыйлық (1 орын – 150 000 теңге, 2 орын – 100 000 теңге, 3 орын – 50 000 теңге) мен алғыс хаттар табысталды. Сонымен қатар қалған 17 отбасына Ақтау қаласында My Kids балалар ойын сауық орталығына 10 000 теңге көлемінде сертификат табысталды.

2-міндет. Еліміздегі әкелер күніне орай отбасындағы әке рөлін нығайтуға бағытталған кемінде 50 адамның қатысуымен фотобайқау ұйымдастыру

1-іс-шара. «Мен әкемді жақсы көрем» тақырыбында әлеуметтік желілерде кемінде 50 адамның қатысуымен фотобайқау ұйымдастыру және үздік жұмыстарды бағалы сыйлықтармен марапаттау

2024 жылы еліміздегі Әкелер күніне орай отбасындағы әке рөлін дәріптеу және нығайту мақсатында «Мен әкемді жақсы көремін» атты онлайн фото байқауы ұйымдастырылды. Іс-шара Instagram және Facebook әлеуметтік желілері арқылы өткізілді. Байқаудың мақсаты – әкелерге деген құрметті арттырып, отбасы құндылықтарын насихаттау. Қатысушылар өздерінің әкелерімен бірге түскен суреттерін Instagram және Facebook желілерінде арнайы #МенӘкемдіЖақсыКөремін хэштегімен жариялады. Барлығы 54 әлеуметтік желі қолданушысы байқауға қатысты. Жеңімпаздар лайктар мен пікірлер санының көптігі бойынша анықталды. Байқау барысында қатысушылардың арасынан ең көп лайк пен пікір жинаған 10 жеңімпаз анықталды. Әр жеңімпазға 20 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды.

3-міндет. Аймақта кемінде 15 азаматтан тұратын әкелер қауымдастығын құру және аталған қауымдастықтың кемінде 7 елді-мекенде 1 әкелер конгрессін ұйымдастыру

1-іс-шара. Маңғыстау облысында кемінде 15 азаматтан тұратын әкелер қауымдастығын құру және әке болу институтын қолдау және дамыту бойынша ұсыныстар жинау

Ақтау қаласы Кабиболла Сыдиқов атындағы облыстық кітапханасында облыстық әкелер қауымдастығының жиыны өткізілді. Жиынды облыстық ата аналар кеңесінің төрағасы, "Маңғыстау Руханият" қоғамдық қорының басшысы Аллаберген Қонарбаев ашып жүргізіп отырды. Жиынға Ақтау қаласындағы аға буын өкілдері мен "Германиядағы Кеңес әскерлері және Варшава әскерилер тобы РҚБ облыстық филиалының ардагерлері мен" Бауыржан Момышұлы атындағы Германиядағы Кеңес әскерлері және Варшава әскерилер тобы" қоғамдық бірлестігінің мүшелері, көп балалы әкелер, қоғам белсенділері қатысты. Шарада қоғам белсенділері Абугали Жантөлеуов, ақын Нұрлан Дилжанов, Талғат Еңсегенов, Бауыржан Бөкенбаев, қоғам белсендісі Өсер Өтеген, жас әке Нурболат Жалжанов өз ойларын ортаға салды. Шара барысында қоғам белсенділері осындай шаралар мен қауымдастық қазіргі таңда өте керек екенін баса айтты. Өйткені жас ұрпақ тәрбиесі өте өзекті. Жиын барысында 15 әкеден тұратын әкелер қауымдастығы құрылды.

2-іс-шара. Әкелердің психологиялық - педагогикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында әкелер мен отбасыларға арналған көлемінде 200 дана әдістемелік құрал әзірлеу

2024 жылы әкелер мен отбасылар үшін арнайы 200 дана көлемінде әдістемелік құрал әзірленді. Бұл құрал әкелерге балалардың психологиялық қажеттіліктерін түсінуге, тәрбие үрдісінде заманауи тәсілдерді қолдануға және отбасы мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған.

Құралдың мазмұны:

1. Психологиялық бөлім:

- Әке мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту әдістері.
- Баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес қарым-қатынас тәсілдері.

2. Педагогикалық бөлім:

- Баланың білім алуына қолдау көрсету жолдары.
- Отбасында тәртіп пен құндылықтарды қалыптастыру.

3. Практикалық бөлім:

- Қарапайым жаттығулар мен ойындар арқылы балалардың дамуына ықпал ету.
- Отбасылық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді енгізу бойынша ұсыныстар.

4. Құқықтық бөлім:

- Әкелер мен отбасылардың құқықтары мен міндеттері.
- Әлеуметтік және мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат.

- Әдістемелік құрал педагог-психологтардың, әлеуметтанушылардың және тәжірибелі әкелердің қатысуымен дайындалды.
- 200 дана құрал өңірлерге таратылып, мектептер, отбасылық орталықтар және қоғамдық ұйымдар арқылы әкелер мен отбасыларға жеткізілді.

3-іс-шара. Аймақта құрылған әкелер қауымдастықтың кемінде 7 елді-мекенде 1 әкелер конгрессін ұйымдастыру
2024 жылдың қазан айында Маңғыстау облысының 7 елді-мекенінде, атап айтқанда Мұнайлы, Бейнеу, Қарақия, Жаңаөзен, Түпқарған, Маңғыстау аудандары мен Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялық университетінде әкелер конгресі ұйымдастырылды. Барлығы 7 елді-мекенде өткізілген шаралар аймақтағы әкелер қауымдастықтарының белсенділігін арттырып, олардың жастармен қарым-қатынасын нығайтты. Барлығы: 7 конгресі өткізіліп, 400 адам қамтылды. Өткізілген іс шаралар тізімі:

1. 18.10.2024 ж., 11:00 – Мұнайлы ауданы №1 жалпы білім беретін орта мектеп: 50 қатысушы.
2. 21.10.2024 ж., 15:00 – Бейнеу аудандық гуманитарлық колледжі: 50 қатысушы.

3. 22.10.2024 ж., 10:00 – Қарақия аудандық кәсіптік колледжі: 50 қатысушы.
4. 22.10.2024 ж., 15:00 – Жаңаөзен қаласының Ө. Тұрмағанбетов атындағы колледжі: 50 қатысушы.
5. 23.10.2024 ж., 11:00 – Түпқарған ауданы, «Лицейі» мектеп: 50 қатысушы.
6. 24.10.2024 ж., 15:00 – Маңғыстау ауданы, Жармыш ауылы мәдениет үйі: 50 қатысушы.
7. 22.11.2024 ж., 14:00 – Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялық және инженеринг университеті: 100 қатысушы.

4-міндет. Өңірдің әкелері үшін республикалық деңгейдегі кемінде үш сарапшының қатысуымен кемінде 100 адамға 3 оқыту іс-шарасы ұйымдастыру

1-іс-шара. Дәстүрлі отбасылық құндылықты насихаттау бойынша республикалық деңгейдегі кемінде 3 білікті мамандардың қатысуымен кемінде 100 жас әкелерге арналған «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбында 3 күндік курсты ұйымдастыру

2024 жылдың 20-22 қарашасында Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялық және инженеринг университетінде «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбында 3 күндік курс ұйымдастырылып өткізілді. Барлығы 3 күн бойы әр түрлі аудиторияларда өткізіліп, қатысушыларға әке болудың маңыздылығы мен балаларды тәрбиелеудегі негізгі принциптер туралы ақпарат берілді.

Курс күндері мен қатысушылар саны:

1. **20.11.2024 ж.** – Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялық және инженеринг университеті (Аудитория 307) – **50 қатысушы**
2. **21.11.2024 ж.** – Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялық және инженеринг университеті (Аудитория 305) – **33 қатысушы**
3. **22.11.2024 ж.** – Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялық және инженеринг университеті (Аудитория 307Е) – **35 қатысушы**

Курстың негізгі бөлімдері:

1. **Әке болу және оның отбасындағы рөлі:**
 - Әке болудың жауапкершіліктері мен әкенің отбасы мен қоғам алдындағы міндеттері.
 - Әкенің баланың тәрбиесіндегі маңызды рөлі.
2. **Балалармен қарым-қатынас:**
 - Тәрбие әдістері, баламен дұрыс қарым-қатынас орнатудың тәсілдері.
 - Әкенің эмоциялық қолдауы мен психологиялық көмегі.
3. **Әке мен баланың арасындағы сенім:**
 - Сенімді қарым-қатынас орнату және оның маңызы.
 - Баланы түсініп, оның қажеттіліктеріне жауап беру.

Курс барысында қатысушылар әке болудың жауапкершілігі мен маңыздылығын терең түсінді. Әкелердің балаларына дұрыс тәрбие беру,

олардың дамуына ықпал ету жолдары туралы кеңестер мен ұсыныстар берілді. Бұл іс-шара әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етіп, олардың тәрбиелік рөлін арттырды.

5-міндет. Жобаны ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

1-іс-шара. Әкелердің оң имиджін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған әлеуметтік желілерге арналған 3 бейнеролик дайындалады

Әлеуметтік желілерде бөлісу үшін үш бейнеролик дайындалады, олардың әрқайсысы түрлі аспектілерге назар аударады. Бейнероликтердің әрқайсысы әкелердің рөлі мен маңыздылығын арттыруға, қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайтуға үлес қосады. Әлеуметтік желілерде тарату арқылы көпшілікке әкелердің оң имиджін қалыптастыру және оларды отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілікке тарту көзделеді. Дайындалған бейнероликтер инстграм әлеуметтік желілілерінде орналастырылды, жалпы қаралым саны 3000-нан асады.

2-іс-шара. Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде әлеуметтік желілерде және интернет порталдарында кемінде 30 посттар мен мақалалар дайындалады

Жобаны жүзеге асыру барысында әлеуметтік желілерде және интернет порталдарында кемінде 50 пост пен мақала дайындалады. Бұл контент әкелердің қоғамдағы рөлін, отбасы құндылықтарын нығайту және тәрбиелеу мәселелерін кеңінен насихаттауға бағытталған болады. Посттар мен мақалаларда әке болудың маңызы, отбасыдағы әкенің рөлі, үлгілі әкелердің тәжірибелері мен кеңестері көрсетіледі. Әрбір материал ақпараттық әрі мотивациялық сипатта болып, оқырмандардың пікір алмасуына, талқылауларға қатысуына мүмкіндік береді. Жобаның әлеуметтік желілердегі көрінісі мен мақала арқылы көпшілікке жеткізілуі, қоғамдағы әке болу мен отбасы тәрбиесіне деген көзқарасты өзгертуге ықпал етеді. Әкелердің оң имиджін қалыптастыру және қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайту мақсатында дайындалған бұл контент кең аудиторияға таралады.

6-міндет. Аймақта кемінде 30 әкенің қатысуымен үлгілі әкелерге арналған ынталандыру шарасы ұйымдастыру

1-іс-шара. «Әке отбасының тірегі» тақырыбында облыстың үлгілі әкелерінің қатысуымен форум өткізу және ең үздік 30 әкені марапаттау.

«Әке отбасының тірегі» тақырыбында облыстың үлгілі әкелерінің қатысуымен форум өткізілді. Іс-шара 28.11.2024 жылы сағат 10:00-де «SAMRYK» білім беру орталығында ұйымдастырылды. Форумның мақсаты – әкелердің отбасы мен қоғамдағы маңызды рөлін көрсету, олардың тәрбие мен отбасы құндылықтарын нығайтудағы үлесін насихаттау, сондай-ақ ең үздік әкелерді марапаттау арқылы олардың қоғамдағы жауапкершілігін арттыру болды. Форумға 30 адам қатысты. Іс-шара барысында облысымыздың үлгілі әкелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, әке болудың маңызы мен жауапкершіліктері туралы пікірлерін ортаға салды. Марапаттау рәсімі барысында ең үздік 30 әке дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды. Бұл марапат әкелердің отбасында көрсеткен үлгілі тәрбие мен жауапкершілік үшін берілді. Форумның соңында әкелер мен қатысушылар арасында пікірталас ұйымдастырылып, балалар тәрбиесі, қоғамдағы әкелердің рөлі және отбасындағы әке мен ана арасындағы теңдік мәселелері талқыланды. Іс-шараның нәтижесінде әкелердің отбасыдағы рөлі мен маңызы кеңінен насихатталды, олардың белсенділігі артты, сондай-ақ әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға назар аударылды. Форумның ұзақ мерзімді әсері әкелердің қоғамдағы рөлін арттырып, отбасындағы жауапкершілікті нығайтуға ықпал етеді.

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:		Маңғыстау облысында әкелер институтын қалыптастыру, отбасындағы тәрбие берудегі әке рөлін нығайту							
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:		«Әке тәрбиесі – отбасының алтын дінгегі» тақырыбында республикада танымал белсенді әкелердің қатысуымен барлық елді-мекенде (5 аудан және 2 қала) 19 мотивациялық кездесу ұйымдастырылды және 532 адам қамтылды. - Отбасы күніне орай кемінде 20 отбасының қатысуымен «Әке – отбасының тірегі» атты отбасылық байқау ұйымдастырылып өткізілді. «Мен әкемді жақсы көрем» тақырыбында әлеуметтік желілерде 56 адамның қатысуымен фотобайқау ұйымдастырылды және үздік жұмыстар бағалы сыйлықтармен марапатталды. - Маңғыстау облысында кемінде 15 азаматтан тұратын әкелер қауымдастығын құрылды және әке болу институтын қолдау және дамыту бойынша ұсыныстар жиналды - Әкелердің психологиялық - педагогикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында әкелер мен отбасыларға арналған көлемінде 200 дана әдістемелік құрал әзірленді - Аймақта құрылған әкелер қауымдастықтың кемінде 7 елді-мекенде 7 әкелер конгресі ұйымдастырылды және 400 адам қамтылды - Дәстүрлі отбасылық құндылықты насихаттау бойынша республикалық деңгейдегі кемінде 3 білікті мамандардың қатысуымен кемінде 118 жас әкелерге арналған «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбында 3 күндік курсты ұйымдастырылып өткізілді. - Әкелердің оң имиджін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған әлеуметтік желілерге арналған 3 бейнеролик дайындалды - Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде әлеуметтік желілерде және интернет порталдарында 50 посттар мен мақалалар дайындалды «Әке отбасының тірегі» тақырыбында облыстың үлгілі әкелерінің қатысуымен форум өткізілді және ең үздік 30 әкені марапатталды.							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	
Аймақта барлық елді-	«Әке тәрбиесі – отбасының	Шілде-қазан айлары	Маңғыстау облысы (Бейнеу,	532 адам	2024 жылдың шілде-қазан айларында	Тапсырыс берушімен келісілген	19	19	• Отбасындағы әке рөлінің маңыздылығын

мекенде (5 аудан және 2 қала) бала мен әке арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған әлеуметтік жалпыхалықтық кемінде 20 науқан ұйымдас тыру	алтын діңгегі» тақырыбында республикада танымал белсенді әкелердің қатысуымен барлық елді-мекенде (5 аудан және 2 қала) 19 мотивациалық кездесу ұйымдастыру		Қарақия, Маңғыстау, Мұнайлы, Түпқараған аудандары және Ақтау, Жаңаөзен қалалары)		республикада танымал белсенді әкелердің қатысуымен Маңғыстау облысының 5 ауданы мен 2 қаласында 19 мотивациялық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шаралар жастарды тәрбиелеуде әкенің рөлі мен маңыздылығын насихаттауға бағытталды. Іс-шараларға 532 адам қатысты, олардың арасында әкелер, оқушылар, студенттер мен педагогтар болды. Кездесулер барысында қатысушыларға әке тәрбиесінің отбасы құндылықтарын нығайтудағы	мотивациялық кездесулер бағдарламасы Мотивациалық кездесу Тартылған белсенді әкелердің саны Мотивациалық кездесу Қатысушылар саны Қатысушылар тізімі Фото сурет Видео есеп Хаттама Тапсырыс берушімен келісілген буклет дизайны	19 23 19 Кемінде 400 19 76 (Әр кездесуден кемінде 4 дана) 10 19 1(1000 тираж)	19 23 19 532 19 76 10 19 1(1000 тираж)	тану арқылы қоғамда отбасы құндылықтарын нығайту. • Әкелер мен балалар арасында сенімді, ашық қарым-қатынастың дамуы. • Жастардың тәрбиесіне әке қатысуының артуы, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына оң әсер ету. • Әлеуметтік жауапкершілік деңгейінің көтерілуі және болашақта отбасы институтын нығайтуға үлес қосу. • Әке тәрбиесі тақырыбындағы мәдени, тәрбиелік іс-шаралардың жалғасын тауып, тұрақты түрде өткізілуі.
---	---	--	--	--	---	--	---	--	--

					рөлі туралы түсіндірілді, нақты мысалдар мен тәжірибелер айтылды.	Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар	19	19	
	Отбасы күніне орай кемінде 20 отбасының қатысуымен «Әке – отбасының тірегі» атты отбасылық байқау ұйымдастыру	20 қазан 2024 жыл	Ақтау қаласы	20 отбасы, 100-ден аса адам	2024 жылдың 20 қазанында Ақтау қадласы «ХАН-ШАХАР» банкет залында Отбасы күніне орай Маңғыстау облысының 5 ауданы мен 2 қаласынан 20 отбасының қатысуымен «Әке – отбасының тірегі» атты отбасылық байқау ұйымдастырылды. Іс-шаралар отбасылық құндылықтарды насихаттау, әке рөлін нығайту және отбасыларды біріктіруге бағытталды. Байқау 4 кезеңнен тұрды: І кезең	Отбасылық байқау Байқау бағдарламасы Байқау ережесі Хаттама Қатысушы отбасылар тізімі Іріктеу комиссиясы сарапшылардың саны Іріктеу комиссиясы сарапшылардың тізімі БАҚ-та жариялау Конкурстағы	1 1 1 1 20 отбасы 3 1 1 3	1 1 1 1 20 отбасы 5 1 1 3	- Отбасылар арасында өзара құрмет пен ынтымақтастықты нығайту, отбасы мүшелерінің жақындығын арттыру. - Әкелердің отбасындағы рөліне ерекше көңіл бөлініп, олардың балаларға тәлімгер ретінде ықпалын күшейту. - Жастар арасында отбасы институтына деген оң көзқарас қалыптастырып, болашақта берік және тұрақты отбасылар құруға ынталандыру. - Отбасылық құндылықтарды дәріптейтін мәдени-танымдық іс-шараларды дәстүрлі түрде

					«Таныстыру», «Әке аманаты», «Өнерліге өріс кең», «Менің әкем». Жеңімпаз отбасыларға ақшалай сыйлық (1 орын – 150 000 теңге, 2 орын – 100 000 теңге, 3 орын – 50 000 теңге) мен алғыс хаттар табысталды. Сонымен қатар қалған 17 отбасына Ақтау қаласында Му Kids балалар ойын сауық орталығына 10 000 теңге көлемінде сертификат табысталды.	жұлделі орындар саны Естелік сыйлықтар Табыстау актісі Тапсырыс берушімен үлгі дизайн баннер туралы келісу Аудандар саны Қалалардың саны Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар Фото сурет Видео есеп	3 1 1 5 2 2 2 1	3 1 1 5 2 2 10 1	өткізу тәжірибесінің қалыптасуы. • Қоғамдағы отбасы институтын нығайтуға бағытталған әлеуметтік өзгерістердің пайда болуы.
Еліміздегі і әкелер күніне орай отбасындағы әке рөлін нығайтуға	«Мен әкемді жақсы көрем» тақырыбында әлеуметтік желілерде кемінде 50 адамның	10-23 маусым аралығы	Маңғыстау облысы Инстграм және Фейсбук әлеуметтік желілері	54 адам	Еліміздегі әкелер күніне орай отбасындағы әке рөлін нығайтуға бағытталған «Мен әкемді жақсы көремін»	Фотобайқау ережесі Қатысушылар саны Жеңімпаздар саны	1 Кемінде 50 10	1 54 10	• Әкелерге деген ерекше құрмет көрсетуге және олардың рөлін айқындауға мүмкіндік берді. • Әлеуметтік желілерде отбасы

а бағытталған кемінде 50 адамның қатысуы мен фотобайқау ұйымдас тыру	қатысуымен фотобайқау ұйымдастыр ужәне үздік жұмыстарды бағалы сыйлықтарм ен марапаттау				фото байқауы ұйымдастырылы п өткізілді. Байқау онлайн әлеуметтік желіде инстаграм, фейсбук парақшаларында өтті. Байқауға 54 әлеуметтік желі қолданушылары қатысқан болатын. Жеңімпаздар лайк және пікір арқылы есептелді. Қатысушыларды ң арасынан 10 алдыңғы қатардағы жеңімпаздар 20000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды.	Фотосуреттер	Кемінде 50	54	құндылықтары кеңінен насихатталды. • Қатысушылардың белсенділігі қоғамда отбасы тақырыбына қызығушылықтың жоғары екенін көрсетті.
Аймақта кемінде 15 азаматтан тұратын әкелер қауымда	Маңғыстау облысында кемінде 15 азаматтан тұратын әкелер қауымдасты ғын құру	Тамыз айы 2024 жыл	Қабиболлы Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық кітіпханасын ың мәжіліс залы	16 қатысушы	Ақтау қаласы Кабиболла Сыдиқов атындағы облыстық кітапханасында облыстық әкелер қауымдастығын	Әкелер қауымдастығы Қатысушылар саны Ұсыныстар саны	1 Кемінде 15 Кемінде 5	1 15 5	Әлеуметтік желілерде әкелердің отбасыдағы орны мен маңыздылығын дәріптеу арқылы қоғамда әкелер рөлінің маңызы

стығын құру және аталған қауымдастықтың кемінде 7 елді-мекенде 1 әкелер конгресі н ұйымдас тыру	және әке болу институтын қолдау және дамыту бойынша ұсыныстар жинау				ың жиыны өткізілді. Жиынды облыстық ата аналар кеңесінің төрағасы, "Маңғыстау Руханият" қоғамд ық қорының басшысы Аллаберген Қонарбаев ашып жүргізіп отырды. Жиынға Ақтау қаласындағы аға буын өкілдері мен "Германиядағы Кеңес әскерлері және Варшава әскерилер тобы РҚБ облыстық филиалының ардагерлері мен" Бауыржан Момышұлы атындағы Германиядағы Кеңес әскерлері және Варшава әскерилер тобы" қоғамдық бірлестігінің мүшелері, көп				артады.
--	--	--	--	--	---	--	--	--	----------------

					балалы әкелер, қоғам белсенділері қатысты. Шарада қоғам белсенділері Абугали Жантилеуов, ақын Нұрлан Дилжанов, Талғат Еңсегенов, Бауыржан Бөкенбаев, қоғам белсендісі Өсер Өтеген, жас әке Нурболат Жалжанов өз ойларын ортаға салды. Шара барысында қоғам белсенділері осындай шаралар мен қауымдастық казиргі таңда өте керек екенін баса айтты. Өйткені жас ұрпақ тәрбиесі өте өзекті. Жиын барысында 15 әкеден тұратын				
--	--	--	--	--	---	--	--	--	--

					әкелер қауымдастығы құрылды.				
	Әкелердің психологиялық - педагогикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында әкелер мен отбасыларға арналған көлемінде 200 дана әдістемелік құрал әзірлеу.	Тамыз-қыркүйек айлары	Маңғыстау облысы (Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Мұнайлы, Түпқараған аудандары және Ақтау, Жаңаөзен қалалары)	200 адам	2024 жылы әкелер мен отбасылар үшін арнайы 200 дана көлемінде әдістемелік құрал әзірленді. Бұл құрал әкелерге балалардың психологиялық қажеттіліктерін түсінуге, тәрбие үрдісінде заманауи тәсілдерді қолдануға және отбасы мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған.	Әдістемелік құрал тапсырыс берушімен келісілген Әдістемелік құралдар саны әдістемелік құрал беттерінің саны тарату арнасы (БАҚ) Фотосуреттер Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар Видео есеп	1	1	• Әкелердің тәрбие беру мен отбасылық қатынастардағы құзыреттілігі артады. • Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас жақсарады. • Қоғамда әкенің маңыздылығын түсіну деңгейі көтеріледі. • Болашақта мұндай әдістемелік құралдарды кеңінен таратуға сұраныс қалыптасады.
	Аймақта құрылған әкелер қауымдастықтың кемінде 7 елді-мекенде 1 әкелер	Қазан айы	Маңғыстау облысы (Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Мұнайлы, Түпқараған аудандары	400 адам	2024 жылдың қазан айында Маңғыстау облысының 7 елді-мекенінде, атап айтқанда Мұнайлы, Бейнеу, Қарақия,	Конгресс саны Тапсырыс берушімен келісілген Конгресс бағдарламасы	7	7	• Әкелердің тәрбиелік және әлеуметтік рөлі нығаяды. • Отбасылық құндылықтар нығаяды. • Әкелер мен

	конгрессін ұйымдастыру		және Ақтау, Жаңаөзен қалалары)		Жаңаөзен, Түпқарған, Маңғыстау аудандары мен Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялық университетінде әкелер конгресі ұйымдастырылды. Барлығы 7 елді-мекенде өткізілген шаралар аймақтағы әкелер қауымдастықтарының белсенділігін арттырып, олардың жастармен қарым-қатынасын нығайтты. Барлығы: 7 конгресі өткізіліп, 400 адам қамтылды.	Қатысушылар саны Спикер (резюмесімен) Баспасөз хабаламасы Фотосуреттер Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар Видео есеп	Кемінде 100 1 1 5	400 4 1 35	жастар арасындағы байланыс нығайады. • Әлеуметтік жауапкершілік жоғарылайды. • Тұрақты әкелер қауымдастығы қалыптасады. • Тәрбиелік әдістер мен психологиялық қолдау жүйелері дамиды. • Ұрпақтар арасында білім беру мен тәжірибе алмасу жақсарады.
Өңірдің әкелері үшін республикалық	Дәстүрлі отбасылық құндылықты насихаттау бойынша	2024 жылдың 20-22 қарашасында	Ақтау қаласы, Ш. Есенов атындағы Каспий	118 адам	2024 жылдың 20-22 қарашасында Ш. Есенов атындағы	Курс бағдарламасы Қатысушылар саны	1 Кемінде 100	1 118	• Әкелердің тәрбиелік рөлі артады: Әкелер өз міндеттері мен жауапкершілігін

деңгейде гі кемінде үш сарапшы ның қатысуы мен кемінде 100 адамға 3 оқыту іс- шарасы ұйымдас- тыру	республикал ық деңгейдегі кемінде 3 білікті мамандарды ң қатысуымен кемінде 100 жас әкелерге арналған «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбынд а 3 күндік курсты ұйымдастыр у		технологиял ық және инженеринг университеті		Каспий технологиялық және инженеринг университетінде «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбында 3 күндік курс ұйымдастырылы п өткізілді. Барлығы 3 күн бойы әр түрлі аудиторияларда өткізіліп, қатысушыларға әке болудың маңыздылығы мен балаларды тәрбиелеудегі негізгі принциптер туралы ақпарат берілді.	Қатысушылар тізімі Республикалық спикер (резюмесімен) Спикерлер саны (резюмесімен) Курс күндерінің саны Курс материалдары Баспасөз хабарламасы БАҚ-тағы жарияланымдар Қатысушылардың пікірлері Қанағаттану деңгейі	1 Кемінде 1 1 3 3 1 1 Кемінде 20 80%	3 3 3 3 1 1 20 80%	терең түсініп, балаларға қатысты тәрбиелік әдістерді тиімді қолдана бастайды. • Отбасындағы құндылықтар нығаяды: Әкелер мен балалар арасындағы қарым- қатынас жақсарып, отбасындағы рухани және моральдық құндылықтар күшейеді. • Әкелер мен балалар арасындағы сенім артады: Сенімді және ашық қарым- қатынас орнату нәтижесінде, балалар әкелеріне көбірек сеніп, оларға сүйенетін болады.
--	--	--	--	--	--	--	--	---	--

						Фотосуреттер	3	9	
						Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар			
						Видео есепі			
Жобаны ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.	Әкелердің оң имиджін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған әлеуметтік желілерге арналған 3 бейнеролик дайындалады	Қараша 2024 жыл	Әлеуметтік желілер	3000-нан астам	Әлеуметтік желілерде бөлісу үшін үш бейнеролик дайындалады, олардың әрқайсысы түрлі аспектілерге назар аударады. Бейнероликтердің әрқайсысы әкелердің рөлі мен маңыздылығын арттыруға, қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайтуға үлес қосады. Әлеуметтік желілерде тарату арқылы көпшілікке әкелердің оң имиджін қалыптастыру және оларды	Бейнеролик Қаралым саны	3 Кемінде 3 000	3 3000	• Әкелердің қоғамдағы рөлі мен жауапкершілігі артатын болады. • Отбасы құндылықтары нығайып, балалардың тәрбиесіне әкелердің белсенді қатысуы күшейеді. • Әлеуметтік желілерде әкелер мен отбасылардың оң бейнесі қалыптасады.

					отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілікке тарту көзделеді. Дайындалған бейнероликтер инстграм әлеуметтік желілілерінде орналастырылды , жалпы қаралым саны 3000-нан асады.				
	Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде әлеуметтік желілерде және интернет порталдарын да кемінде 30 посттар мен мақалалар дайындалады	Мамыр-қараша 2024 жыл	Әлеуметтік желілер БАҚ	10 000-нан астам	Жобаны жүзеге асыру барысында әлеуметтік желілерде және интернет порталдарында кемінде 50 пост пен мақала дайындалады. Бұл контент әкелердің қоғамдағы рөлін, отбасы құндылықтарын нығайту және тәрбиелеу мәселелерін кеңінен насихаттауға бағытталған	Жарияланым Әлеуметтік желі Электрондық БАҚ	Кемінде 30 Кемінде 2 Кемінде 2	50 2 10	

					болады. Посттар мен мақалаларда әке болудың маңызы, отбасыдағы әкенің рөлі, үлгілі әкелердің тәжірибелері мен кеңестері көрсетіледі. Әрбір материал ақпараттық әрі мотивациялық сипатта болып, оқырмандардың пікір алмасуына, талқылауларға қатысуына мүмкіндік береді. Жобаның әлеуметтік желілердегі көрінісі мен мақала арқылы көпшілікке жеткізілуі, қоғамдағы әке болу мен отбасы тәрбиесіне деген көзқарасты өзгертуге ықпал етеді. Әкелердің оң имиджін қалыптастыру және қоғамдағы				
--	--	--	--	--	---	--	--	--	--

					отбасы құндылықтарын нығайту мақсатында дайындалған бұл контент кең аудиторияға таралады.				
Аймақта кемінде 30 әкенің қатысуы мен үлгілі әкелерге арналған ынталандыру шарасы ұйымдас тыру	«Әке отбасының тірегі» тақырыбында облыстың үлгілі әкелерінің қатысуымен форум өткізу және ең үздік 30 әкені марапаттау.	28 қараша 2024 жыл	Ақтау қаласы, «SAMRYK» білім беру орталығы	30 адам	«Әке отбасының тірегі» тақырыбында облыстың үлгілі әкелерінің қатысуымен форум өткізілді. Іс-шара 28.11.2024 жылы сағат 10:00-де «SAMRYK» білім беру орталығында ұйымдастырылды. Форумның мақсаты – әкелердің отбасы мен қоғамдағы маңызды рөлін көрсету, олардың тәрбие мен отбасы құндылықтарын нығайтудағы үлесін насихаттау,	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы Тапсырыс берушімен келісілген марапатталған әкелер саны Марапат саны Хаттама Ынталанадыру сыйлықтары Табыстау актісі Сауанланама	1 1 Кемінде 30 1 30 1 Кемінде 15	1 1 30 1 30 1 15	• Әкелердің қоғамдағы рөлі мен отбасыдағы жауапкершілігі артатынына ықпал етеді. • Әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға және отбасылық құндылықтарды сақтау мәселесіне назар аударылатын болады. • Әкелердің үлгі боларлық әрекеттері жастар арасында таралып, олардың тәрбиесіне оң әсер етеді.

				сондай-ақ ең үздік әкелерді марапаттау арқылы олардың қоғамдағы жауапкершілігін арттыру болды. Форумға 30 адам қатысты. Іс-шара барысында облысымыздың үлгілі әкелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, әке болудың маңызы мен жауапкершіліктері туралы пікірлерін ортаға салды. Марапаттау рәсімі барысында ең үздік 30 әке дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды. Бұл марапат әкелердің отбасында көрсеткен үлгілі тәрбие мен жауапкершілік үшін берілді.	Фотосуреттер	5	5	
--	--	--	--	---	--------------	---	---	--

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	Кемінде 615	1250
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	Кемінде 10 000	10 000
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	Кемінде 3	3
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	Кемінде 1	5
5.	Қамтылған ҰЕҰ саны	ұйым	Кемінде 4	4
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	3 360 000	3 360 000
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	432 096	432 096
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	6 345 124	6 345 124
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	5	5

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):

1. «Әке тәрбиесі – отбасының алтын діңгегі» тақырыбында республикада танымал белсенді әкелердің қатысуымен барлық елді-мекенде (5 аудан және 2 қала) 19 мотивациялық кездесу ұйымдастырылды және 532 адам қамтылды.
2. Отбасы күніне орай кемінде 20 отбасының қатысуымен «Әке – отбасының тірегі» атты отбасылық байқау ұйымдастырылып өткізілді.
3. «Мен әкемді жақсы көрем» тақырыбында әлеуметтік желілерде 56 адамның қатысуымен фотобайқау ұйымдастырылды және үздік жұмыстар бағалы сыйлықтармен марапатталды.
4. Маңғыстау облысында кемінде 15 азаматтан тұратын әкелер қауымдастығын құрылды және әке болу институтын қолдау және дамыту бойынша ұсыныстар жиналды
5. Әкелердің психологиялық - педагогикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында әкелер мен отбасыларға арналған көлемінде 200 дана әдістемелік құрал әзірленді
6. Аймақта құрылған әкелер қауымдастықтың кемінде 7 елді-мекенде 7 әкелер конгресісі ұйымдастырылды және 400 адам қамтылды
7. Дәстүрлі отбасылық құндылықты насихаттау бойынша республикалық деңгейдегі кемінде 3 білікті мамандардың қатысуымен кемінде 118 жас әкелерге арналған «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбында 3 күндік курсты ұйымдастырылып өткізілді.

8. Әкелердің оң имиджін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған әлеуметтік желілерге арналған 3 бейнеролик дайындалды
9. Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде әлеуметтік желілерде және интернет порталдарында 50 посттар мен мақалалар дайындалды
10. «Әке отбасының тірегі» тақырыбында облыстың үлгілі әкелерінің қатысуымен форум өткізілді және ең үздік 30 әкені марапатталды.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуал мен жоба аяқталған кездегі жобалық жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):

«Жетістік тарихы» - бұл әлеуметтік жобаның қандай да бір нақты жағдайда (белгілі бір қызмет алушының өмірінде) қалай көмектескенінің қысқаша (5-8 сөйлем) мысалы;

Жетістік тарихын жарияланымдарда, сондай-ақ әлеуметтік жобаның нәтижелерін одан әрі ұзақ мерзімді бақылау үшін пайдалануға болады. Жетістіктің қысқаша тарихы келесі бөліктерді қамтуы керек: әлеуметтік жобаның басындағы жағдай; әлеуметтік жобаның жағдайға әсері әсер ету нәтижесі болып табылады.

Сондай-ақ, жетістік тарихында оның байланыс деректерін қоса отырып, белгілі бір қызмет алушының кері байланысы болғаны жөн.

Жоба аясында

1. Мұрат- 31 жаста, Маңғыстау облысы. Екі баланың әкесі, құрылыс саласында жұмыс істейді. Әдеттегі жұмыс күндері мен тұрмыстық мәселелердің ортасында жүрген Болат өзін балалары мен отбасына жеткілікті көңіл бөле алмай жүргендей сезінетін. Осы себепті ол «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбындағы курсқа қатысуға бел буды. Курс барысында Мұрат әке рөлінің тек материалдық қамқорлықпен шектелмейтінін түсінді. Спикерлердің әңгімелері мен коуч-тренингтер оның дүниетанымын түбегейлі өзгертті. Ол: Балалармен сапалы уақыт өткізудің маңыздылығын түсініп, отбасында апта сайынғы дәстүрлі «Әке мен бала күні» ұйымдастырды.

Әке рөлін тек қамтамасыз етуші ретінде емес, рухани бағыт беруші және қолдаушы ретінде қабылдады.

Өзінің қарым-қатынас дағдыларын жақсартып, отбасы мүшелерімен ашық және сенімді байланыс орнатты.

Курс аяқталғаннан кейін Мұрат өзінің жұмыс кестесін қайта қарап, әр кеште балаларына уақыт бөлу үшін жаңа әдеттер енгізді. Ең маңыздысы, ол отбасында бақыт пен сенім атмосферасын қалыптастыра білді. "Бұл курс маған отбасымның шын мәнінде мен үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Менің балаларымның болашақта қандай адамдар болатыны бүгінгі менің іс-әрекетіме байланысты. Бұл үлкен жауапкершілік, бірақ сонымен бірге шексіз қуаныш," – деп бөлісті Мұрат. Қазір Мұрат «Әке болу» тақырыбында кішігірім кездесулер өткізіп, басқа да ер адамдармен өз тәжірибесімен бөлісуде. Ол тек өз отбасына ғана емес, қоғамдағы басқа да әкелерге үлгі бола білді.

2. Ережепов Роллан – Ақтау қаласы, жасы-38 де, 4 баланың әкесі, бақытты отбасы. Ұзақ сапардан келе сала "Әке—отбасы тірегі" облыстық байқауына 3 сағат дайындалып, Алланың қалауымен бұйырған жұлде болды. Әңгіме жұлдеде емес, шынымен де әкенің рөлінде болып тұр. Ер адамның отбасы алдындағы үш қасиеті, рөлі болу тиіс— Көшбасшы, қорғаушы, асыраушы. Ұсақталып бара

жатырғанымыз соншалық осы қасиеттеріміз жоғалып, батыстың ықпалынан әйел- бала алдында міндетіміз, деңгейіміз бірдей болып қалды. Бұл рөлдерді қазір әйел мен балаларымыз ойнап, төрге озды. Қауіпті дерт! Әр әке баласына үлгі, әйеліне қорған болуы тиіс еді. Мұсылмандығымызға да, қазақтығымызға да сын! Ойланайық 🖐️ .

✓Сайысқа келетін болсақ, "Әке балаға нені аманаттайды" деген керемет бөлімде көпшілік әке не айтарын білмей, ойларын жинақтай алмады, тұщымды ой айта алмады. Сайыста балама айтқан 5 аманатым мынау болды:

1. Алла тағаланың бірлігі, дініне берік болу
2. Адал табыс, бөлісе білу
3. Айналаңмен мәміледе болу, ақылдасу
4. Тегінді, тектілігіңді жоғалтпау.
5. Денсаулық-ең үлкен нығмет

🐾Таныстыру бөлімінде былай деппін:

Армысыздар әлеумет сәлем бердім,
Әкелер сайысына мен де келдім.
Айтумыс, Шылым, Өрдек бабаларым
Ұрпағы Сейіт бидей кемеңгердің.

Теңін тапса тектіден текті туар
Тектілік ана сүтпен тұқым қуар.
Нағашым бар Қосқұлақ ауылынан
Бекеттей бұл еліме болған тұмар.

Шарладым топырағын кең даламның
Аманат қып қалдырған өр бабамның.
Жеті өнерім бойымда жеті қару
Роллан деген әкесі мен боламын.

Сайысқа қатысып не ұттым, не ой түйдім?

1. Жаңа адамдармен таныстым
2. Өзім де, балам да самооценкамyzды бір көтеріп алдық.
3. Өзгеге ой сала алдым, өзгелерден үлгі-ой алдым»- деп аяқтады. **Ережепов Роллан-87029879686**

3. Борашов Нұрбай Иламғалиұлы - 40-жаста, көпбалалы әкемін, үлкен отбасында 14 құрсақ өсірген ата мен әженің шаңырағында өстім. Ата-анам 8 құрсақ тәрбиелеген үлкен әулет. Ауылдық жерде әке мен атаның қамқорлығын көре отырып, отбасылық шаруаларды ауызбіршілікпен атқару арқылы бауырмашылық, тәлім, тәрбие, көмекке мұқтаждарға әрдайым бірлесе көмектесу, мал шаруашылығы, атқа мініп мал бағу, шөп шабу, тас қалау, қи ою сықылды шаруаларды атқару барысында бізге әр сәт қамқорлығын көрсетіп, жанашырлық пен

жауапкершілікті сезінуді үйреткен әкенің отбасындағы орны бөлек ұлы тұлға екенін санамызға сіңіріп, көріп өстік. Күнделікті тіршілікте байқалмағанымен ер азаматтыққа тән әдеттер мен ережелер әсіресе ұл балаға тікелей әке тәрбиесімен сіңеді деп білемін.

Қазіргі таңда әскери қызметкермін, Отан алдындағы борышын атқару барысында әскер қатарына қабылданған кейбір солдаттарымыздың бойынан ер азаматтыққа тән қасиеттердің жойылып бара жатқанын байқағанда іштей қынжылымын. Әрине оған әсер ететін факторлардың қоғамда белең алып бара жатқанын байқап жүрміз. Ұлтымыздық ұлттық құндылықтарын, қадір қасиеттерін, әке мен бала, ана мен қыз арасындағы тәрбие, отбасы ережелері, әкенің отбасындағы орны, ананың қасиетін жоғалтып алмауымыз осы тәрбие тал бесіктен екнінің дәлелі»-деді Нұрбай.

Нұрбайдың айтуынша- «Әке отбасы тірегі», байқауы өтетінін білген соң атсалысуға тырыстым. Осындай фарматтағы байқаулардың немесе жобалардың жиі ұйымдастырылғаны жақсы дер едім. Тәрбиелік мәні бар, білмегенінді үйренетін, ұмытылған салт-дәстүрлерді жаңғыртатын, әкенің балаға деген қарым-қатынасы, Отбасы болып шешім шығару, тіпті ұл қыздарымыздың әкеге деген ойын тыңдаудың өзі ерекше әсер қалдырды. Қазіргі таңда кез келген отбасындағы ұрпақ тәрбиесіне уақыт таба алмай жүрген ата-аналарды көргенде болашақ қалай боларын ойлайсың. Осы шараға қатысқан әр отбасы құнды дүнге атсалысты деген ойдамын. Жас буынның психологиясы бұзылып, тұйықталып, қандайда бір мәселе туындаса шешім шығара алмайтыны, өз ойларын толық жеткізе алмайтыны, тіпті диалог құрып әңгімелеспейтіндігі, вертуалды әлемнің ұрпағымызды басқарып бара жатқандығының айқын дәлелі. Ата-ана бір сәт бала тәрбиесіне көңіл бөлсе, әрқайсысымен жеке сөйлессе, мейіріммен махаббатқа тойдырып өсіруге уақыт тапса жақсы болар еді. Сондықтанда осындай шаралар көбірек ұйымдастырылса, балалардың көзі қанып өсер еді. Өте үлкен тәрбиелік мәні бар байқау болды. Берері көп мәнді тақырыптар талқыланды. Отбасымызбен ұмытылмас естеліктер алдық. Достарымнан, ұжымдастарымнан, ағайын тумаластарымнан құттықтаулар дан бөлек, осындай шаралар жиі болса бізде қатысар едік, балаларымызға көрсетер едік деген қызығушылықтарын естідім. Болашақта жалғасын табады деген ойдамын-деді. **Борашов Нұрбай Иламғалиұлы -8777 751 35 40**

4. «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбында өткен курсқа қатыстым. Бұл курста саналы ата-ана болу өнер маған әке ретінде өз рөлімді қайта қарауға көмектесті. Балалармен уақытты сапалы өткізу маңызды екенін түсіндім. Курс барысында жаңа тәсілдерді үйреніп, отбасындағы атмосфераны жалғы әйелге артпай, әке ретінде өз үлесімді қосу керек екенімді түсіндім. Осы сынды жобалар көптеп болу керек деп ойлаймын. **Серік – жасым 38-де, көп баланың әкесі.**

5. Жайлиев Мир Әлібекұлы, 41 жаста, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы. Екі баланың әкесі, Есенов университетінде маман болып жұмыс істеймін. 5- күн жұмыс күндері 8-сағаттық жұмыста боламын.Әдетте тұрмыстық мәселелердің ортасында жүрген өзім балалары мен отбасына жеткілікті көңіл бөле алмаған күндерім болады. Себебі мен қоғам белсендісі ретінде көптеген шараларға, жиналысқа қатысамын.Осы себепті ол «Әке болу деген нені білдіреді?» тақырыбындағы курсқа қатысуға бел будым. Сол уақыттың өзінде де жұмысым қарбалас болып кетті. Курс барысында Мен әке рөлінің тек материалдық қамқорлықпен шектелмейтінін түсіндім. Спикерлердің әңгімелері мен коуч-тренингтер оның дүниетанымын түбегейлі өзгертті деп айта алмаймын. Мен өзім бұрынғы ата әжемнің қолында тәрбиелендім. Олар :Балалармен сапалы уақыт өткізудің маңыздылығын түсініп, отбасында апта сайынғы дәстүрлі «Әке мен бала күні» ұйымдастырды. Әке рөлін тек қамтамасыз етуші ретінде емес, рухани бағыт беруші және қолдаушы ретінде қабылдады.

Өзінің қарым-қатынас дағдыларын жақсартып, отбасы мүшелерімен ашық және сенімді байланыс орнатты.Курс аяқталғаннан кейін мен өзімнің жұмыс кестесін қайта қарап, әр кеште балаларына арасында уақыт бөлуді жөн көрдім. Ең маңыздысы, ол отбасында бақыт пен

сенім атмосферасын қалыптастыра білдіру."Бұл курс маған отбасымның шын мәнінде мен үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Менің балаларымның болашақта қандай адамдар болатыны бүгінгі менің іс-әрекетіме байланысты болады деп үміттенемін. Бұл үлкен жауапкершілік, бірақ сонымен бірге шексіз қуаныш," . Әкенің ұл қадірлемесе асқар таудың аласарғаны. Әке- әркімнің сүйенер тіреуі.Мен өзім ұлымменде, қызымменде әңгімеге тартамын. Не керек,не жетіспейді деп. Қызым 11-сыныпта, ұлым 9-сыныпта оқиды. Әкенің тәрбиесі - 100-мектепте бере алмайды. Негізгі бос уақыттарымды отбасыма арнаймын.**87025130131.**

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1250	1250	0

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1250	250	760	100	30	10	50	20	10	10	10

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1250	250	320	270	150	210	30	20

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

- *көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):*Жоба барысында қатысқан әкелер мен олардың отбасылары тәрбие процесіне белсенді араласып, балаларымен қарым-қатынас сапасын жақсартты. Әлеуметтік желілерде және форумдарда ұсынылған ақпараттар мен талқылаулар арқылы әкелердің қоғамдағы рөлі туралы түсінік кеңейтілді. Жоба нәтижесінде 1000-нан астам адам

қатысқан 10-нан астам іс-шара өткізілді, олардың ішінде 300-ге жуық әке өз тәжірибесімен бөлісті. Бұл ретте әкелердің тәрбиелік құзыреттіліктері артты, балаларға деген жауапкершілік сезімі күшейді.

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):* Жоба әкелердің отбасыдағы тәрбие рөлін нығайтуға бағытталғандықтан, оның ұзақ мерзімді әсері отбасылық қарым-қатынастың сапасын жақсартуға, балалардың толыққанды тәрбиелеуіне ықпал етеді. Бұл өз кезегінде болашақ ұрпақтың жауапкершілігі жоғары, әлеуметтік жауапкершілікті азаматтары болуына негіз болады. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың нығаюы, әсіресе жастар арасында тәрбиелік жүйенің нығаюына оң әсер етеді.
- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы* Жоба әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Әкелер қауымдастығының жұмысы жүйелі түрде жалғасады, ол отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында түрлі шаралар мен тренингтер ұйымдастыруды көздейді. Қатысушылардың белсенділігі мен қызығушылығы жобаның тұрақтылығын қамтамасыз етіп отыр. Жоба барысында қалыптасқан әкелер қауымдастығының құрылымын әрі қарай нығайту үшін жаңа бастамалар мен шаралар қарастырылады.
- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:* Жоба әлеуметтік тұрғыдан әкелердің қоғамдағы рөлін күшейтіп, отбасы құрылымының тұрақтылығын арттырды. Бұл өз кезегінде әлеуметтік мәселелерді шешуге, жастардың тәрбиесіне және қоғамдағы жанжалдардың алдын алуға ықпал етеді. Экономикалық тұрғыдан, жобаның нәтижесі қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты арттыру арқылы отбасылардың әл-ауқатын жақсартуға, ұзақ мерзімді кезеңде экономикалық тиімділікке әкеледі.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда? _____

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
"Маңғыстау Руханият" қоғамдық қоры			
«Отбасы.Academy» – Онлайн Отбасы Академиясы»			
«Әкелер одағы» РҚБ			

«Agatay academy» оқу орталығы			
«Құтты білік» оқу орталығы			

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже
1	Әке – отбасының тірегі	Отбасындағы тәрбие берудегі әке рөлін нығайту	Жобаның негізгі мақсаты – әкелердің отбасындағы тәрбиелік рөлін нығайту. Бұл бағыт әкелерді тәрбиеде жауапкершілік пен белсенділікке шақыруды көздейді. Әкелердің балалар тәрбиесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету, оларды отбасылық құндылықтар мен әлеуметтік жауапкершіліктерді түсінуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланады. Сонымен қатар, әкелердің қоғамдағы рөлін көтеру, олардың позитивті имиджін қалыптастыру мақсатында түрлі тренингтер мен форумдар өткізіледі.	12 000 000 теңге	Мемлекеттік грант	Әкелердің балалар тәрбиесіне қатысуы артып, отбасыдағы тәрбиенің сапасы жақсарады. Әлеуметтік желілер мен қоғамда әкелердің рөлі туралы терең түсінік қалыптасады, олар отбасылық құндылықтарды нығайтуға белсене араласады.

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)

Есеп беттерінің жалпы саны: _____

Грант алушы: «ӘСЕР» қоғамдық бірлестігі
Төрағасы **Жақаева Г.Б.**

Толтыру күні: 29.11.2024 жыл
Мөрдiң орны

